ДӘРІС 6. МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫ

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова



ДӘРІС ЖОСПАРЫ

01 Музей экспозициясы ұғымы және мәні

02 Экспозицияны құру принциптері

03 Экспозицияның құрылымы

04 Қазіргі музей экспозицияларының ерекшеліктері



МАҚСАТЫ:

Музейтанушы студенттерде экспозицияны құрудың теориясы мен әдістемесі туралы, сонымен қатар оны құрудағы ерекше тәсілдер туралы түсінік қалыптастыру.





ЭКСПОЗИЦИЯ ҰҒЫМЫ

«Экспозиция» термині латынша **«expositio» (көрсету), кең мағынада кез-келген заттар жиынтығын арнайы көрсету** ұғымын береді. Музейтануда «экспозиция» ұғымы біртіндеп қалыптасып, **XIX ғасырдың соңында** жаппай қолданысқа енді. Бүгінгі күні музейтану ғылымында қолданылып жүрген экпозицияның қарапайым анықтамасы: **музей жинағының көрсетуге арналған бөлігі.**



Экспозицияны жобалау үрдісінде ғылыми, көркемдік, техникалық және жұмыстық жобалау түрлері қолданылады

Қазақстан музейлерінде қалыптасқан тәжірибеге орай, экспозицияны жобалау және құру үрдісі тұжырымдамадан (концепция) басталады.

Экспозицияны құру үшін экспозиционер алдымен болашақ экспозиция тақырыбын болжамдап, негіздейді.

Тақырып негізінде құрылатын экспозияияның және мақсатқа жету әдістерін анықтайтын экспозицияның ғылыми тұжырымдамасы әзірленіп, ол бүкіл жобалау кезеңдерінің анықтаушысы, бағыт берушісі ретінде пайдаланылады.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАУ







Экспозицияның **ғылыми тұжырымдамасын** жасауға авторлық ұжым қатысып, құрылатын экспозицияның заттай және деректік материалдарын сұрыптау, экспозиция құрудың негізгі әдіс-тәсілдерін, қағидаттарын анықтау барысында жұмыс атқарады.

Болашақ экспозицияның тақырыптық құрылымы, бағыты, жәдігерлері мен қосалқы заттары іріктеліп алынғаннан кейін, көркемдік жағын рәсімдеу мәселесі қарастырылады.

Сәулеттік-көркемдік тұжырымдама ғылыми тұжырымдама негізінде жасалып, онда көркемдік идея, көркемдік бейне туындап, экспозицияны құру кеңістігі, негізгі жарық шешімі, жәдігерлер, сұлба-макеттерді орналастыру қағидаттары қарастырылады.

Келесі кезеңде музейдің ғылыми қызметкерлері экспозицияның «кеңейтілген тақырыптық құрылымын» , суретшілер «экспозициялық жобасын» жасайды.

Экспозициялық жобалау құжаттарының негізінде тақырыптық-экспозициялық жоспар (ТЭЖ) әзірленеді.

ТЭЖ ДЕГЕН НЕ?

Тақырыптық-экспозициялық жоспар дегеніміз – құжат, экспозицияны ғылыми жобалаудың құрамдас бөлігі; экспозициялық материалдардың нақты құрамын және экспозицияның кеңейтілген тақырыптық құрылымына сай топтау.



ТЭЖ ҚҰРЫЛЫМЫ

- БӨЛІМНІҢ АТАУЫ
- ТАҚЫРЫПТЫҢ АТАУЫ
- НЕГІЗГІ МӘТІН
- ТАҚЫРЫПТЫҚ КЕШЕН
- КЕШЕНГЕ АННОТАЦИЯ (ТҮСІНІКТЕМЕ МӘТІН)
- ЭКСПОНАТУРА (ЗАТТЫҢ ТІЗБЕ НӨМІРЛЕРІНІҢ, ӨЛШЕМДЕРІНІҢ, БЕЛГІЛЕРІНІҢ ТҮПТҰСҚАЛЫҒЫ)
- ЭТИКЕТАЖ
- ЕСКЕРТУ.







БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Музей экспозициясы дегеніміз не?
2. Экспозицияның музейдегі негізгі рөлі қандай?
3. Экспозицияның басты мақсаттары қандай?
4. Экспозицияның қандай түрлері бар?
5. Тұрақты және уақытша экспозициялардың айырмашылығы неде?

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Актуальные проблемы фондовой работы музеев / Труды НИИ культуры. Сб. Научных трудов. – М., 1978. Вып. 63.
2. И.М. Суслов Организация учета музейных фондов // Актуальные проблемы фондовой работы музеев / Труды НИИ культуоы. Сб. Научных трудов. М., 1978. Вып. 63.
3. Кучеренко М.Е. Научно-фондовая работа в музее. М., 1999.
4. Инструкция по учету и хранению музейных ценностей, находящихся в государственных музеях СССР. М., 1984
5. Кроллау Е.К. Температурно-влажностный и световой режим музеев. М,, 1971.